



# Nur Qorgaljyn

РУХАНИ  
ЖАҒЫРУ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ  
30 ЖЫЛ

НҰР-ҚОРҒАЛЖЫН

Аудандық газет 1928 жылдан  
бастап шығады

Аудандық қоғамдық саяси газет 2012 жылдың 1 маусымынан бастап шығарылады

№ 44 (636) БЕЙСЕНБІ 16 ҚЫРКҮЙЕК 2021 ЖЫЛ



Қорғалжын аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі "Қазақстан халқының тілдері күні" мерекесіне орай, үш тілді жетік меңгерген жастар арасында «Тіл шебері» аудандық байқауын өткізді.

Байқаудың мақсаты жас мамандарға қолдау көрсете отырып, тіл мәдениетін көтеруге ықпал ету, жастардың тілді меңгеруге деген қызығушылығын арттыру және бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу болып табылады.

Биыл байқауға 21-35 жас аралығындағы 6 үміткер қатысты. Байқауға қатысушыларды бағалау кезінде тілді білу деңгейі, жауаптардың сапасы мен мазмұндылығы, сөздердің дұрыс айтылуы ескерілді. Қазылар алқасының шешімі бойынша 1-орынды Жұмай ауылы негізгі орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Кульмаева Камила, 2-орынды Сабынды ауылы Үсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі және әдебиет

пәнінің мұғалімі Едіге Ермахан, 3-орынды Қорғалжын мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Серикова Айгерім және Амангелді ауылы жалпы орта білім беретін мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Жунусова Бейбітгүл иеленді.

Байқаудың барлық қатысушылары өте мықты болды. Әрқайсысы тілдерді жақсы білетіндігін көрсетті. Бүгінгі байқау қатысушыларға көптілді білуге, бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуға мүмкіндік береді. Бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін адам өз елінде де, шетелде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады. Аудандық байқаудың жүлдегерлері дипломдармен, алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

## Қорғалжын ауданы бойынша 3677 адам вакцина алды

Бүгінгі таңда Қорғалжын ауданындағы вакцина алуға жататын 3716 тұрғынның 3677 азамат вакцинаның 1 компонентімен егілді, бұл 98,8% құрайды. Ал 2 компонентпен егілгендер саны 3007 яғни 80,9%. Алдымыздағы апта көрсеткіші бойынша күніне 20-25 адам екпе алса, осы аптада 15-20 адам вакцина лауға келген. Ендігі кезекте ауданымыздың 43 азаматы екпе алатын болса, вакцинациялану межесі аудан бойынша толық орындалатын болады. Барлық статистикалық ақпаратты ауданның орталық ауруханасы беріп отыр.



ВО МНОГОМ БЛАГОДАРИ НИЗКОМУ ГОСДОЛГУ И РЕЗЕРВАМ КАЗАХСТАН УСПЕШНО ПРЕОДОЛВАЕТ ПОСЛЕДСТВИЯ ПАНДЕМИИ. ЭТО НАШЕ СЕРЬЕЗНОЕ КОНКУРЕНТНОЕ ПРЕИМУЩЕСТВО, И СЕЙЧАС ВАЖНО ЕГО НЕ РАСТЕРЯТЬ.

ИЗ ПОСЛАНИЯ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА К.ТОКАЕВА  
1 СЕНТЯБРЯ 2021



Қорғалжын аудандық "Nur Otan" партиясы филиалының азаматтық қабылдау кестесіне сәйкес нотариус Сәуле Мәжитқызы Саутова азаматтарды жеке мәселесі бойынша қабылдау өткізді.

Қабылдауға келген аудан тұрғыны, сатып алу – сату шарты бойынша мұраны тіркеу сұрағымен жүгінді. Қабылдау барысында Сәуле Мәжитқызы Саутова осы өтініштерді қарастырып, заңнамаға сәйкес кеңес берді.

## Әр отбасы шағын мемлекет

Отбасы – сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, яғни қоғамның діңгегі.

Отбасының амансаулығы әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі дей отыра Қорғалжын аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұжымы отбасы күніне орай аудандағы алтын той иелері Дангилов Рамазан Ысқақұлы және Дангилова Шарафат Зұлханқызын отбасылық мерейтойларымен құттықтап, жылы лебіз білдіріп, арнайы сый-сияпат табыстаған болатын.

Рамазан ата мен Шарафат апа үш баланы тәрбиелеп, білім беріп, ұясын балапан ұшырған қос қарлығаштай абыройлы өмір сүріп келеді. Ата мен әженің бүгінде он немересі мен бір шөбересі бар. Босағасы берік, жас отбасыларға үлгі боларлық нағыз берік жанұя. Рамазан атамыз кезінде ауданда бірнеше



басшылық қызметтерді оның ішінде қазынашылық басқармасының басшысы болып еңбек етті. Ал жары Шарафат апа ауыл шаруашылық саласында қызмет істеген. Үй мен жұмыстың берекесін бірдей келтіріп, әрқашанда барлығына үлгере отырып, қоғам өміріне де белсене қатысқан жан. Атамыз бен



апамызға алдағы уақытта ұзақ ғұмыр мен зор денсаулық тілейміз.

Өкінішке орай бүгінгі таңда елімізде ажырасу жылдан жылға өсіп барады. Әр жанұяның күйрегені қоғам үшін үлкен қазірет. Сол үшін де қазіргі уақытта отбасы институты дамытылып, осындай алтын той, күміс той иелерін, ата мен апа болған тұлғаларды арнайы дөңгелек үстелдер мен жиындарға жиі шақырып, жастардың көңілінде отбасы құндылығының дұрыс қалыптасуына септігі тигізілсе екен деймін.

## 2D сканер сатып алмау үшін темекі өнімдерін сатушыларына таңбалау бойынша не білу қажет?

Темекі өнімдерін сату үшін қымбат жабдықтарды алудың қажеті жоқ, [markirovka.kz](http://markirovka.kz) сілтемесі бойынша тауарларды таңбалау ақпараттық жүйесінде электронды-цифрлық қолтаңбаны пайдалану арқылы тіркелу жеткілікті.

2D сканерді дұрыс жұмыс істету мақсатында тауарлар номенклатурасын онлайн-БКМ-ге қосу қажет. Сайтта тауарлар номенклатурасын жаңартуға қосымша шығындарды болдырмау үшін [www.ismet.kz](http://www.ismet.kz) онлайн-БКМ тауарлар номенклатурасын өздері қосу жөнінде нұсқаулықтар орналастырылған. Тауарлар номенклатурасын жаңартқаннан кейін 2D сканер сандық таңбалауды дұрыс оқитын болады.

2D сканерлерге балама ретінде «paqTy Sauda» (Android және IOS) тегін мобильді қосымшасын пайдалануға болады.

Кәсіпкерлерді қолдау және мәселелерді талқылау үшін «Markirovka Qoldau» Telegram-чаты белсенді жұмыс істейді. 2021 жылғы 18 ақпаннан бастап тауарларды таңбалау жөніндегі бірыңғай оператор (бұдан әрі - Қазақтелеком АҚ) ҰКП «Атамекен» бірлесіп, ТТЖҚ АЖ-мен жұмыс істеу бойынша арнайы оқыту бағдарламасын іске қосты.

Тауарларды таңбалау мәселелері бойынша тәулік бойы тегін «шұғыл желі» жұмыс істейді - 8 800 080 6565.

Қорғалжын ауданы бойынша МКБ

Қорғалжын ауданы әкімінің  
2020 жылғы 12 маусымдағы  
«Мобильды мониторингтік  
топ құру туралы» № 25 өкіміне  
өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

Қорғалжын ауданы әкімінің 2020 жылғы 12 маусымдағы «Мобильды мониторингтік топ құру туралы» № 25 өкіміне өзгеріс енгізіліп мониторингтік мобильдік топ құрамы келесі жаңа редакцияда баяндалсын:

Сабырғали Дарын Сабырғалиұлы	Аудан әкімінің орынбасары топ басшысы
Оразбаев Рахымжан Болатайұлы	Аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметінің бастығы (келісім бойынша)
Дәулетов Олжас Мұхамеджанұлы	Аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметінің полиция учаскілік инспекторы (келісім бойынша)
Кибалдин Әбілқайыр Серікбайұлы	Аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметінің полиция учаскілік инспекторы (келісім бойынша)
Бұзауов Мейіржан Амангелдіұлы	Аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметінің полиция учаскілік инспекторы (келісім бойынша)
Зұлханов Абылайхан Уалиханұлы	Қоғам өкілі (келісім бойынша)
Мажитова Батжан Мажитқызы	Қоғам өкілі (келісім бойынша)
Қарағожина Гүлшат Балташқызы	Аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімінің бас маманы
Жылқыбаев Бауыржан Ерланұлы	Аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылық бөлімінің бас маманы
Омарова Дана Сатбекқызы	Аудандық ішкі саясат бөлім басшысының м.а
Сейт Айдана Бейсенқызы	Аудандық ішкі саясат бөлімінің жетекші маманы
Тажимова Ботагоз Сембайқызы	«Нұр Қорғалжын» аудандық газетінің қызметкері
Шайзада Берікбол	«Нұр Қорғалжын» аудандық газетінің қызметкері
Карбаева Аягос Жұмағалиқызы	Аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастырушысы
Мусина Ақнұр Амангелдіқызы	Аудандық жастар ресурстық орталығының маманы
<b>Аудан әкімі</b>	<b>Б.Жанбаев</b>
«КЕЛІСІЛДІ» Аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметінің бастығы	Оразбаев Рахымжан Болатайұлы
Қоғам өкілі	Зұлханов Абылайхан Уалиханұлы
Қоғам өкілі	Мажитова Батжан Мажитқызы

БАСПАСӨЗ АҚПАРАТ



## «Тіл биіктесе – ту биіктейді!»

Өтетін орны: Бұқпа алаңы  
Өтетін күні: 14 қыркүйек  
Уақыты: 17.00

Манарбек Қыдырбай, Мұхамед Қонқаев т.б. қатысады.

Қазақстан Республикасының 30 жылдығы, Қазақстан халқы тілдері күніне орай Қалалық ақпараттық кітапхана жүйесі 15 қыркүйекте Бұқпа алаңында зиялы қауымның қатысуымен «Тіл биіктесе - Ту биіктейді!» атты салтанатты іс-шара ұйымдастырылады.

Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің тірегі ана тіліміздің айбынын асқақтату, қадір-қасиетін бағалауға, өз ана тілінің көркемдігін, сөз құдіретін сезіне білуге шақыру. Мемлекеттік тілді насихаттау.

Шараға журналист, публицист, жазушы-драматург, қоғам қайраткері Жабал Ерғалиұлы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері: Ерболат Баятұлы, Серік Жетпісқалиев, жас ақындар: Мерген Тоқсанбай, Бақытбек Бекмұрат, Нұрболат Әлмен, Нұрислам Әбділ,

Аталмыш шара барысында, Үкілі Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының қазақ халық аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен және Көкшенің көркем сөз шеберлері қазыналы тіліміз бен қасиетті жерімізге жыр шумақтарын арнайтын болады.

Іс-шараға Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Күнім Әбдісалыққызы Уразбаева, Қалалық ақпараттық кітапхана жүйесінің басшысының м.а. Қуаныш Ерғалиұлы Оспан, «Тілдер оқыту орталығының» мамандары, жоғары оқу орындары мен колледж студенттері және кітапхана оқырмандары, қала тұрғындары қатысады.

Кеште «Тіл мерейі, ел мерейі» кітап көрмесі ұйымдастырылып, филармония өнерпаздары жанды дауыспен бірнеше ән шашуын жолдайды.

## Ақмола облысында мемлекеттік тілдің үздік білгірлері анықталды

Қазақстан халқы тілдерінің онкүндігі аясында өңірде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған мемлекеттік тілді меңгерген түрлі этнос өкілдері арасында «Мемлекеттік тіл – Тәуелсіздік символы» атты онлайн-байқау өтті, деп хабарлайды ішкі саясат басқармасы.

Іс-шараға облыстың аудандары мен қалаларынан түрлі қызмет салаларындағы 14 үміткер қатысты.

Байқау мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, қазақ тілінің этносаралық қарым-қатынас тілі ретіндегі қызметін нығайту, мемлекеттік тілді меңгерген түрлі этнос өкілдерін ынталандыру мақсатында өткізілді.

Ұйымдастырушылар атап өткендей, байқаудың бірінші кезеңінде қатысушылар қысқа метражды бейнероликтер ұсынды, онда олар қазақ тілін үйренудегі өз мүдделері мен жетістіктері туралы айтып берді, белгілі қазақ ақындары мен жазушыларының шығармаларынан үзінділер оқыды. Екінші кезеңде қатысушылар «Тіл мен Тәуелсіздік егіз ұғым» тақырыбында ой толғады.

Байқау қорытындысы бойынша бірінші орынға Целиноград ауданы Арайлы ауылы орта мектебінің қазақ

тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Анастасия Ирубаева ие болды. Екінші орынды Көкшетау қаласының «Zerek» балабақшасының тәрбиешісі Анастасия Кравченко, үшінші орынды Есіл ауданы Ы.Алтынсарин атындағы Игілік негізгі орта мектебінің педагог - психологы Радмила Бигужанова иеленді.

«Өз басым мемлекеттік тілді меңгеру әр бір азаматтың парызы және міндеті деп білемін. Қазақ тілін меңгеріп қана қоймай қазақ тілінде балаларға білім беру мен үшін үлкен бақыт», - деп Анастасия Ирубаева өз ойымен бөлісті.

Байқаудың жеңімпаздары мен қатысушылары дипломдар, алғыс хаттар және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Айта кетейік, байқаудың аймақтық кезеңінің жеңімпазы қараша айында өтетін республикалық байқауда Ақмола облысының намысын қорғайтын болады.

## О работе по борьбе с коррупцией в агропромышленной сфере в Коргалжынской РТИ

Под коррупцией понимается не предусмотренное законом принятие лично или через посредников имущественных благ и преимуществ лицами, выполняющие государственные функции, а также лицами, приравненных к ним, с использованием своих должностных полномочий и связанных с ними возможностей либо иное использование ими своих полномочий для получения имущественной выгоды, а равно подкуп данных лиц путем противоправного предоставления им физическими и юридическими лицами благ и преимуществ.

Цели настоящего закона направлены на защиту прав свобод граждан обеспечение национальной безопасности Республики Казахстан от угроз вытекающих из проявления коррупции, обеспечение эффективной деятельности государственных органов должностных и других лиц выполняющие государственные функции, а также лиц приравненных к ним путем пред-

упреждения выявления пресечение и раскрытия правонарушений связанных с коррупцией устранения их последствий, и привлечения виновных к ответственности определяет основные принципы борьбы с коррупцией устанавливает виды правонарушений связанных с коррупцией а также условия наступления ответственности.

В Коргалжынской районной терри-

ториальной инспекции в целях профилактики коррупционных проявлений и соблюдения этического кодекса государственных служащих, направленные на защиту законных интересов граждан и индивидуальных предпринимателей, проводятся семинар – совещания, круглые столы с приглашением индивидуальных предпринимателей, вывешена информация об оказании государ-

ственных услугах с указанием сроков оказания услуг, установлен ящик для обращений граждан, в районной газете напечатан электронный адрес и телефон территориальной инспекции.

Борьбу с коррупцией в пределах своей компетенции обязаны вести все государственные органы и должностные лица, проявлять вежливость и корректность при исполнении служебных обязанностей, не оказывать предпочтение физическим и юридическим лицам, быть независимым от их влияния при исполнении должностных обязанностей.

Телефон: 2-18-93

Эл.адрес: kaidaulov.e@minagri.gov.kz

Кайдаулов Е.С.

Руководитель Коргалжынской РТИ КГИ в АПК МСХ РК

«Даулет есіктен, ақыл бесіктен кіреді» - демекші, білім мектептен, тәрбие бесігі отбасынан басталады.



Отбасы - махаббатқа, бақытқа, қуанышқа, шаттыққа, жылулыққа толы мекен. Отбасының екі тірегі - әлпештеген әке мен аялаған ана. Отбасы осы екі тірегіміздің арқасында берік қаланады. Ол Құдайдың бізге тартқан сыйы. Адам Ата мен Хауа Ананы жер бетіне әкелген мақсаты отбасын құрып, ұрпақ тәрбиелеу еді. Біз сол отбасының тұяқтарымыз. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» дегендей отбасында көрген тәлім, алған тәрбиенің арқасында есті болып өсудеміз. Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет көрсету арқасында тату - тәтті өмір сүрудеміз. Еркелігімізді, қателескен кездегі қателігімізді түсініп, кешіре білетін, кезінде ақылын аямайтын, осы өмірдің тәтті тұстарын көрсетуден жақсылыққа жетелеуден жалықпайтын әке - шешеміз.

Менің ойымша, егер отбасында бір бала болса, онда ол басқа балалармен дос бола алмайтын тым нәзік және өзімшіл болып өсуі мүмкін. Бауырлар мен әпкелер болған кезде, бұл мейірімділіктің, құрбандықтың, жанашырлықтың дамуына ықпал етеді. Үлкен балалар кішкентайларға қамқорлық жасайды, сүйікті ойыншықтары мен заттарынан бас тартады, өздері не істей алатындығын үйретеді, бірақ кейде олар ренжісіп қалса, жанжалдан кейін олар татуласқан кезде - бұл ең бақытты сәт. Отбасы бізге махаббат, өзара құрмет пен түсіністік, біреуге қажет болу керектігін үйретеді. Білім, үй, қолдау береді. "Бақытты отбасы" партиялық жобасы аясында Отбасы

күніне орайластырылған көпбалалы отбасылар арасында "Отбасым-менің байлығым" байқауы өтті. Байқаудың ұйымдастырушысы "Nur Otan" партиясының Қорғалжын аудандық филиалы. Байқау үш кезеңде өтті: отбасын таныстыру, халық дәстүрлері және шығармашылық байқау.

Отбасылар өмірдегі ең бақытты және қызықты сәттерді ұсынды, өз отбасыларының бірегейлігін ашты, ән айтты, би биледі, отбасылық дәстүрлерді ұсынды. Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар халықтар өмірінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бала кезіндегі рәсімнің ерекше маңызы бар, салт-жоралардың көмегімен нәресте жайлы және бақытты өмір сүру үшін бата алады деп саналады. Байқаудың 3 кезеңінің қорытындысы бойынша көп балалы және шығармашылық Мамраевтар отбасы жеңіске жетті. Мамраевтар жанұясы байқауымыздың барлық шарттарын орындап, отбасы мүшелері өздерінің еңбек, шығармашылық, зияткерлік және өзге де жетістіктерімен бөлісті. Отбасы мүшелерінің бойынан бір-біріне деген құрмет, ізгі ниет, тәрбиені көріп тамсануға болады. Мамраевтар отбасы жас отбасыларға үлгі тұтарлық.

Байқауға қатысқан отбасыларға алғысымызды білдіре отырып, отбасыларына береке - бірлік, татулық тілейміз!

#бақыттыотбасы#  
Nur Otan партиясы#

## Региональный форум краеведов прошел в Акмолинской области

В Акмолинской области состоялся региональный форум краеведов «Туған өлкем – тұғырым», посвященный 30-летию Независимости страны, передает управление внутренней политики.

Мероприятие проведено с целью объединения научной общественности, представителей творческих профессий, ученых для просвещения в области краеведения, активизации поисковой, научно-исследовательской работы в краеведении, обмена опытом краеведческой работы и совершенствование методики научных исследований.

Приветствуя участников форума, заместитель акима Акмолинской области Айна Мусралимова подчеркнула актуальность проведения данного мероприятия.

«Примечательно, что форум проводится в год 30-летия Независимости нашего государства. Возрождение интереса жителей, в первую очередь молодежи, к истории своей малой родины является важным направлением в патриотическом воспитании подрастающего поколения. Сегодня необходимо активно использовать возможности историко-краеведческих экспедиций, музейных площадок, стимулировать лучшие проекты грантами, заниматься цифровизацией результатов исследований. Убеждена, что форум станет знаменательным событием в культурной жизни области, а также хорошей площадкой для эффективного про-

фессионального диалога и обмена опытом», - отметила заместитель руководителя региона.

На мероприятии с докладами о становлении и направлениях развития краеведения выступили общественный деятель, академик Академии истории Казахстана, руководитель экспедиции «Абылай ханның қара жолы» Мурат Идрисов, краевед, ветеран архивной службы Гульбаршин Салык, краевед Павел Косович, докторант Кокшетауского университета имени Шокана Уалиханова Талапкер Уалиев и другие.

В рамках форума также прошла церемония награждения работников учреждений культуры. За многолетний труд и вклад в развитие данной сферы нагрудным знаком «Мәдениет саласының үздігі» награждены заведующая Атбасарского историко-краеведческого музея Анар Ильясова, заведующая Степногорского историко-краеведческого музея Майра Нуржанова, медаль имени Хохлова, основателя Акмолинского областного историко-краеведческого музея, вручена краеведу Гульбаршин Салык и хранителю фонда музея Гуляим Агубаевой.

В завершении мероприятия для участников была проведена экскурсия по залам областного историко-краеведческого музея.



Денсаулық сақтау саласы үшін коронавирус үлкен сынақ болды. Әлемді жайлаған індеттің беті әлі қайтар емес. Біз уақыт ұттырмай, індетпен күрес шараларын дереу қолға алдық. Қазақстан – коронавирусқа қарсы күресте вакцина жасап шығарған санаулы мемлекеттің бірі

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев  
Қазақстан халқына Жолдауынан,  
01.09.2021

## КОРОНАВИРУС: как правильно принимать лекарства

Как известно, стопроцентного эффективного лекарства для лечения и профилактики коронавируса еще не существует. В условиях пандемии лидерами продаж в аптеках стали противовирусные препараты широкого спектра действия. О том, как лечиться и принимать препараты, чтобы не навредить своему здоровью, рассказали эксперты, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«Нужно понимать, что вирусов существует очень много. Тот же грипп вызывается разными вирусами. Симптомы одни – это повышение температуры, слабость, насморк, кашель. Но вирус, который вызывает это состояние, может отличаться у разных людей. Соответственно, не существует эффективного препарата широкого действия, который был бы панацеей абсолютно от всех вирусов. Позиция доказательной медицины к таким препаратам сейчас достаточно жесткая. Они не включены в Казахстанский национальный лекарственный формуляр и не представлены в протоколах лечения нашей страны», - отметила доктор PhD кафедры клинической фармакологии и доказательной медицины НАО «Медицинский университет Караганда», член Комиссии независимых экспертов Национального центра экспертизы лекарственных средств и медицинских изделий Екатерина Юхневич.

Эксперт советует при недомогании и подозрении у себя инфицирования первым делом обратиться к специалисту, и уже с ним согласовать возможность использования таких безрецептурных, поддерживающих фито- и иммун опрпаратов. Профилактика и лечение вирусного заболевания характеризуется обычными, привычными мероприятиями – это домашний режим, частое проветривание помещения и влажная уборка, применение витаминов.

«Комбинированная фармакотерапия – это сложный процесс, но он возможен и порой вполне резонен. Проблема взаимодействия лекарств – острый вопрос, особенно для клинических фармакологов. Ведь, как мы видим, его упускают не только пациенты, но и, к сожалению, врачи. Сочетать препараты – это всегда риск развития побочного эффекта. Даже в фитотерапии. К примеру, пожилые люди часто используют для лечения траву зверобой. Но он очень сильно действует на лекарственные средства через печень: он ингибирует там определенные ферменты и под его действием изменяются переносимость и концентрация лекарства в организме. Поэтому нужно учитывать, что необходимо знание о сочетании не только официальных препаратов, но трав и БАДов. Если врач назначает вам тот или иной препарат, ему всегда нужно сообщать о принимаемом сейчас лекарстве, добавке, витаминах и уточнять их взаимодействие», - сказала эксперт.

Как пояснила Екатерина Юхневич, жаропонижающие препараты должны быть в домашней аптечке каждого человека, особенно если в семье есть дети, считает врач. Однако, при любом возрасте жаропонижающие нельзя применять долго, максимум – 3-4 дня. Нужно понимать, что температура – это симптом, а жаропонижающие не лечат, а купируют эту лихорадку. Нужно искать причину повышения температуры и лечить ее. Свои рекомендации по лечению коронавируса дал и доцент кафедры эпидемиологии, биостатистики и доказательной медицины Высшей школы общественного здравоохранения Рафаиль Кипшакбаев.

«Советы простые: при любой вирусной инфекции мы не используем антибиотики. Они не лечат вирусы. Нет таких вещей, которые «поднимут иммунитет». Когда вам пытаются продать что-то под видом поднятия иммунитета, или что-то «противовирусное», смело выбрасывайте в корзину. Против коронавируса этиотропной терапии (воздействующей на этот вирус) пока нет», - сказал Р. Кипшакбаев. По его словам, под «поднятием иммунитета» понимается здоровый образ жизни. «6-8 часов сна, полноценное питание (белки, жиры, углеводы), адекватная физическая нагрузка. Пенсионеру, например, будет достаточно длительной прогулки. Когда я это рассказываю, люди разочаровываются: «И всё?» И все. Еще один глобальный фейк – чистка организма, которая, кстати, тоже усугубляет течение болезней, того же коронавируса», - считает доктор. В целом эксперты считают, что прежде чем самостоятельно принимать лекарства, необходимо проконсультироваться со специалистом и придерживаться правил ответственного самолечения.

[https://www.inform.kz/ru/koronavirus-kak-pravil-no-prinimat-lekarstva\\_a3732290](https://www.inform.kz/ru/koronavirus-kak-pravil-no-prinimat-lekarstva_a3732290)



ИЗ ПОСЛАНИЯ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА К.ТОКАЕВА 1 СЕНТЯБРЯ 2021

ПОСЛЕ РОСТА ЦЕН НА ПРОДОВОЛЬСТВИЕ  
ЧИЛОВНИКИ ПЕРЕКЛАДЫВАЮТ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ДРУГ НА ДРУГА.  
И С ЭТИМ НАДО ЗАКАНЧИВАТЬ.  
НЕОБХОДИМ ОДИН ОРГАН ПО  
РЕГУЛИРОВАНИЮ ЦЕН. СРОК - МЕСЯЦ

## «World Cleanup day 2021»/ «Birge – taza Qazaqstan»

Ағымдағы жылы 18 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің бастамасымен Республика аумағында «World Cleanup day 2021»/«Birge – taza Qazaqstan» экологиялық науқаны өтетін болады.



Осыған байланысты, ағымдағы жылдың 18 қыркүйегінде білім саласындағы (мектеп, жоғарғы және орта оқу орындарын) жастарды және еріктілерді, үкіметтік емес ұйымдарды, мекемелерді тарта отырып, «World Cleanup day 2021»/«Birge – taza Qazaqstan» экологиялық науқанын ұйымдастырылуда. Бұл күні акция әлемнің 150 елінде өтеді және оған 380 млн. астам адам қатысады. Қазақстанның Дүниежүзілік «World Cleanup day 2021» акциясына қатысуы Қазақстанды жаһандық әлемдік экологиялық акцияға қатысушы ретінде, «Жасыл» экономика қағидатын іске асыратын және 2030 тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді іске асыратын ел ретінде танытуға мүмкіндік береді. Біздің ортақ міндетіміз – туған өлкеміздің сұлулығын тазалық пен тұтастыққа сақтау, азаматтарды өз ауласын, көшесін, ауылын, қаласын таза ұстауға шақыру, жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Себебі, тек бірлесіп еңбектеніп қана біз өз өңірімізді одан да жақсартып аламыз! Құрметті Қорғалжын ауданының тұрғындары! Сіздерді де осы игі шараға ат салысуға шақырамыз!

В связи со смертью гражданина Накенова Жаксылык Карыпжановича умершего 28 июля 2021 года, открылось наследство. Срок обращения наследников к нотариусу Саутовой С. М. до 28 января 2022 года



## ҚОРҒАЛЖЫН ЕЛІМЕ

О, шіркін, Қорғалжындай жер бар ма екен  
Талай жастар өсіп өніп ұшқан мекен  
Мейірімін ұл, қызына аямастан  
Аялап бауырына басқан мекен

Қаймағы бұзылмаған елді мекен  
Ұстанған салт дәстүрін ұлттың бекем  
Орыс, неміс шешен я шүршіт болсын  
Бір жыл тұрса қазақ болып кетеді екен

"Қорғалжын" – деген сөзге шаттанамыз  
Оны білмес қазақ жоқ деп мақтанамыз  
Атырауда "қай жерденсің?" деп сұраса  
Әншейін "Қорғалжыннан" "дей саламыз

Көрікті, қандай әсем жігіттері  
Кеңпейіл, адал соққан жүректері  
Жігерлі, намысшыл, әмбе өнерпаз  
Міне осындай Қорғалжынның түлектері

Бір көргеннен ғашық болар қыздарына  
Жігіт алар бағы қонған маңдайына  
Инабатты қорғалжынның қызын ал деп  
Ата аналар ақыл айтар ұлдарына

Юнеско қамқор болған қорығы бар  
Асаубалық, Шалқар, Нұра, Теңізі бар  
Сол елді мекендеген бар қазаққа  
Қуат беріп тәңіріміз болса екен жар

Туған ғой небір көсем азаматтар  
Қай заман болсадағы еске сақтар  
Күмісбеков, Мықтыбаев Улебайлар  
Қазақ біткен қазақтың бәрі мақтар

Біледі Улебайдың өлеңін барша қазақ  
"Дударменен Жағор қызы" кеткен тарап  
Ертедегі, қарапайым Улебайдың  
Осы әнді шығаруы қандай ғажап

Қонақ боп бара қалсаң қойын сояр  
Қыста барсаң жал жая, қазы қояр  
Салт дәстүрін ұлттымыздың сақтайтұғын  
Қазаққа тән "Нағыз қазақ" міне осылар

Қорғалжынға басшылар келіп жүр ме  
Мұң мұқпажын халқымыздың шешіп жүр ме  
Әлде тек уәде беріп бекер келіп  
Жиналыс ашып босқа сөйлеп кетіп жүр ме!?

Суға зәру болып еді бір кездері  
Бірде су боп, болмаған кезеңдері  
Сусыз өмір жоқ екенін білетұғын  
Қол үшін тигізді ме Әкімдері

Қорғалжынның тарихыда ұлан ғасыр  
Талай ғасыр сырларын алып жатыр  
700 жыл бұрын болған жер астынан  
Археологтар көне қала тауып жатыр

Сол қаладан табылған құмырасы  
Бұзылмаған ішіндегі сұйық заты  
Көрсеткен Қорғалжынның қасиетін  
Емеспа екен Алланың ол аманаты

Құдыретін біл осы елдің әкім мырза  
Әкім болып келдіңізғой халқымызға  
"Мықты әкім" деген ата ие болғай  
Жақсы істерің созылып көп жылдарға

## Үш бала жанып кеткен кезең

Мен бір қазақ саясатта шатағым жоқ  
Мәжбүр болып дегенмен айтарым көп  
Жағымсыз көп жағдайды көре тұра  
Арым сөйлеп, үндемеуге дәрменім жоқ

"Атып кетті, тірідей жанып кетті  
Машина бір адамды қағып кетті"  
Деген хабар елімізде жиі еститін  
Халқым-ау өміріміз не боп кетті !?

Кінәсіз өлтірілген адамдардың  
Тірідей өртте жанып кеткен жанның  
Себебіне құзырлы басшылардың  
Ғажаптың "сүттен ақ боп...." шыққандарын

Мұндай жәйт сол қалпында қалады-ау деп  
Құлағымыз үйреніп алады-ау деп  
Қорқамын биліктегі азаматтар  
Уақыт өте мұны ұмытып қалады-ау деп

Көп балалы отбасына берсе пәтер  
Үкіметтің несі кеміп қалар еді  
Кішкентай бір ақ бөлме берсе болды  
10 баласын сиғызып алар еді

Осылайша баталарын алмас па еді  
Сол ісімен аллағада жақпас па еді  
Нашарларға көп жақсылық жасап бүгін  
Ертеңгісін жұмаққада бармас па еді

Бір оқпен екі қоян атар еді  
Батасына көп адамның батар еді

Осындай жәрдем алған халық саны  
Әлде қашан 30 миллионнан асар еді  
Сыбайлас жемқорлықтың жойсақ екен  
Ұлт беделін сақтар ел болсақ екен  
Рухы биік ары таза адамдарды  
Лауазымды қызметтерге қойсақ екен

Олардың "құлағына алтын сырға"  
Әр қайсысы болған бізге алып тұлға  
Ақ ниетпен халыққа қамқор болса  
Одан бетер "домалар еді тасы қырға"

Ол заманда келер әлі сенемін нақ  
Тек қолдасын қазағымды тәңірім хақ  
Келеңсіз жағдайларға жол бермейтін  
Лайықты өмір сүрер біздің қазақ

Ұмытпайық құдайдың бар екенін  
Дұрыс адамға алланың жар екенін  
Бақ пен даулет, мансаппен қызметіңде  
Уақытша келіп кетер жәй екенін

Көріп жүрміз менменсіген арыстанды  
Жеңіп жүрген, қарсы келіп алысқанды  
Бағы тайып бақ, дәулеті тәмам болып  
Мүләйімің достасуға жабысқанды

Ақыры тоқ етерін айтар сөзім  
Ұран қылып ұстайықшы құран сөзін  
Қазағым қазағымға жәрдемші боп  
Ойламысың бұл өмірде тек бір өзін.

Ержанов Ахдан (Аққалқа), ақын,  
Қорғалжын ауданының тұмасы.

Құрылтайшы  
меншік иесі:  
ЖШС «Нұр-АяуЖан»  
Б. Шайзада  
Бас редактор:  
Ботагөз Сембайқызы

Мекен-жайы:  
Ақмола облысы,  
Қорғалжын ауылы,  
Досымсейіт Отарбеков  
көшесі 9,  
тел: +77756709906  
+77026437002

Газет  
Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және Ақпарат  
министрлігі  
Ақпарат және Мұрағат  
комитетінде тіркеліп,  
№12797-Г куәлік алған  
(01.06.2012)

Газет «Нұр-Қорғалжын»  
«Нұр-АяуЖан» ЖШС  
редакциясында теріліп жиналды,  
«Медиа-холдинг ERNUR» ЖШС  
Астана қ-сы, Сілеті к-сі 30,  
Тапсырыс № 647  
Таралымы 600 дана  
Аптаның әр бейсенбі  
күндері шығады

Автордың пікірі редакцияның  
көз-қарасын білдірмейді.  
\*\*\*\*\*  
Қол жазба рецензияланбайды  
және авторға қайтарылмайды  
\*\*\*\*\*  
Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес  
\*\*\*\*\*  
Ұсынылған материалдардағы фактілер  
үшін автор жауап береді  
\*\*\*\*\*  
Интернеттен алынған ақпараттар  
басқа автор атынан жарияланбайды.